



№20 (8224)
21 мамыр
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



ken-zhyloi.kz

Ken-Zhyloi@mail.ru ken_jyloi_gazeti kenzhyloi ken.jyloi JYLOINEWS ken_jyloi_gazeti

* Бәрекедді!

Елге қызмет – ерге міндет

Адамды көркейтетін – оның жақсы ісі мен елге жасаған еңбегі. Сондықтан кез келген адам туралы сөз қозғағанда, алдымен оның қоғамға қандай пайда тигізіп жүргеніне мән береміз. Осындай сөзі мен ісі қатар үндескен азаматтардың бірі – Бейбарыс Қойшыұлы. Ол бүгінде қарапайым болмысымен көпке үлгі болып, қаламыздағы мүмкіндігі шектеулі жандарға өз қолымен пандус орнатуда.



Бейбарыс Қойшыұлы 1999 жылы Құлсары қаласында дүниеге келген. №9 жалпы білім беретін орта мектепті тәмамдаған соң, 2015-2017 жылдары Каспий өңірінің көпсалалы жоғары колледжінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алды. Студенттік шағында елге қызмет етуді азаматтық парызы санаған жерлесіміз 2017-2018 жылдары Тараз қаласындағы Ұлттық ұланның 5513 әскери бөлімінде әскери борышын өтеді. Қазіргі таңда ол «Жылыой мерген» клубының спортшысы әрі вице-президенті қызметін атқарады. Сонымен қатар N-Stroy компаниясында директордың кеңесшісі болып еңбек етеді. Бастамашыл жас ауданның дамуы мен көркеюіне өз үлесін қосып, ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп келеді. Әсіресе әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға қолдау көрсету бағытындағы жұмыстары көптің алғысына бөленуде. Бүгінде оның бастамасымен қала аумағында

мүмкіндігі шектеулі жандардың еркін жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасау мақсатында 19 пандус орнатылған. Сондай-ақ ол «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ағаш отырғызу жұмыстарына тұрақты түрде қатысып, қаламыздың жасыл желекке айналуына атсалысып жүр. Бұдан бөлек, қайырымдылық шараларын ұйымдастырып, жастардың жан-жақты дамуына бағытталған түрлі жобалардың жүзеге асуына үлес қосуда. Оның басты мақсаты да осы – халыққа өз пайданды тигізу.

– Қоғамдық жұмыстарға екі жыл бұрын келдім. Алғашында қарапайым қолдаудан басталған жұмыстар уақыт өте келе ауқымды жобаларға ұласты. Қайырымдылық пен қоғамдық қызмет үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан маған артылған сенімді ақтап, әрдайым адал еңбек етуге тырысамын. Сонымен қатар бүгінде «Аманат» партиясы атынан да бірқатар маңызды баста-

маларды жүзеге асырып, ел игілігі жолында қызмет етіп келемін, – дейді ол.

Бүгінде Бейбарысты аудан тұрғындары жақсы танып алған. Себебі ол қай кезде де игі бастамалардың жанынан табылып, ел мүддесі жолында еңбек етіп келеді. Осы уақытқа дейін әлеуметтік жағдайы төмен және көмекке мұқтаж отбасыларға қолдау көрсетіп, қайырымдылық шараларынан шет қалған емес. Жомарттығы мен азаматтық болмысының арқасында көпшілікке үлгі болып жүрген азаматтың еңбегін ел жоғары бағалауда. «Қайырымдылық жасасаң, қайырымды өзің көресің» деген халық даналығын өмірлік ұстанымына айналдырған Бейбарыс туған жер үшін тынбай тірлік ету керектігін алға тартады. Елжанды азамат қоғамдағы өзекті мәселелерге де бейжай қарамайды. Ол халық жанашырлары мен кәсіпкерлердің қолдауымен бірқатар маңызды бастамалардың жүзеге асуына ұйытқы болып, көпшілікке ортақ игі істердің орындалуына белсенді түрде атсалысып келеді. Оның сөзінше, кез келген сауапты істің нәтижелі болуы ел ішіндегі бірлік пен ынтымаққа байланысты. Осы орайда ол өзіне әрдайым қолдау білдіріп жүрген достары мен серіктестеріне шынайы алғысын жеткізді. Бұл туралы өзі:

– Алға қойған жоспарымыз көп. Атап айтсам, қоғамдық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып, жаңа жобаларды жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Әсіресе мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау көрсету бағытындағы бастамаларды кеңейтіп, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға басымдық береміз. Сонымен қатар туған қаламыздың көркеюіне үлес қосу мақсатында ағаш отырғызу акцияларын жиі ұйымдастырып, қоршаған ортаның тазалығын сақтау жұмыстарына белсенді араласамыз. Табиғатты аялау мен қоғамға қызмет ету әр азаматтың ортақ міндеті деп білемін, – дейді өз сөзінде.

Иә, биыл қалаға 25 жыл толып отыр. Белсенді азаматтардың пікірінше, бұл айтулы дата тек салтанатты жиындармен шектелмей, халық жадында сақталатын тағалымды мерекеге айналуы тиіс. Осыған байланысты ол жастарға арналған форумдар, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар, қайырымдылық акциялары мен көгалдандыру жұмыстарын кенінен ұйымдастыру жөнінде ұсынысын білдірді. Өйткені елдің өркендеуі мен туған жердің көркеюі әр азаматтың жауапкершілігіне байланысты. Сондықтан ол жастарды білім мен еңбекке ұмтылып, қоғам өміріне бейжай қарамауға шақырады.

А.МЕЙРАМБАЙҚЫЗЫ

* Сыртқы саясат



Қазақстан мен Түркия байланысы нығая түсті

Тәуелсіздік сарайында Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоғанды салтанатты қарсы алу рәсімі өтіп, Қазақстан-Түркия жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысы өтті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Екіжақты келіссөздер мен Қазақстан-Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысының қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы мәңгілік достық және кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойды.

Алқалы жиында ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия елінің бауырлас мемлекет ретінде маңызды әрі сенімді серіктес саналатынын атап өтіп, тамыры терең байланыстың қос халық арасындағы достықты одан әрі нығайтуға ықпал етіп отырғанын айтты.

Кеңесте ауыл шаруашылығы саласындағы ықпалдастыққа айрықша мән берілді. Былтыр екі елдің агроөнеркәсіп кешеніндегі тауар айналымы 25 пайыздан асып, 360 миллион долларға жуықтаған. Бұл ретте бірқатар инвестициялық жоба іске асып жатыр. Бұл жобаларға дәлел ретінде глютен мен крахмал өндірісін қолға алған «Tiryaki Agro» мен «Alarko Holding» салып жатқан жылыжай кешенін мысалға алсақ болады. Бұдан бөлек екі ел арасындағы кездесуде ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзара саудасын жандандыру жөнінде 2026-2028 жылдарға арналған жол картасын қабылдау ұсынылды. Жиында қазіргі геосаяси жағдайда көлік-логистика саласының стратегиялық маңызы арта түскеніне назар аударылды. Бұл ретте ҚР мемлекет басшысы Транскаспий халықаралық көлік

дәлізіне өзге елдердің қызығушылығы артып келе жатқанына тоқталып, түрік компанияларын Құрық, Ақтау порттары арқылы жүк тасымалын ұлғайтуды көздейтін жобаларға белсенді атсалысуға шақырды. Қазақстан авиация саласындағы ынтымақтастыққа да айрықша мән беріп отыр. Сондықтан Алматы халықаралық әуежайын Орталық Азиядағы логистикалық хаб ретінде дамытуды көздеп отырған «TAV Airports Holding» компаниясының бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетіледі. Денсаулық сақтау саласындағы серіктестік те қарқынды дамып келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның ірі фармацевтика алпауыттары «Abdi Ibrahim» және «Nobel» компанияларын Қазақстанда өндіріс желілерін іске қосқанын атап өтті. Көп ұзамай «Orxaz Group» компаниясы Түркістан облысында биологиялық белсенді қоспалар өндіретін зауыттың құрылысын бастайды. YDA Group Түркістан және Петропавл қалаларында көпбейінді ауруханалар салып жатыр.

Екіжақты келіссөздер мен Қазақстан-Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысының қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Режеп Тайип Ердоған Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы мәңгілік достық және кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойды.

А.ТАЛАПҚЕР

○ Бүгінгі санда: ○

Балалар қауіпсіздігі – басты назарда

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының кезекті отырысы өткізіліп, жасөспірімдер арасында орын алып отырған өзекті мәселелер жан-жақты талқыланды.



3

Есірткіге еліккен жүргізуші жазасы

Жол-көлік оқиғаларының негізгі себептерінің бірі – жол қозғалысы ережелерін сақтамау ғана емес, сонымен қатар көлікті масаң немесе есірткі қабылдаған күйде басқару.



5

● Баспасөз - 2026

Кен Жылой

II жартыжылдыққа баспасөзге пошта бөлімі арқылы жазылу науқаны басталды



- * Ауданға қатысты жаңалықтар
- * Өзекті мақалалар, сұхбаттар
- * Жарнамалар

Индекс: 65583

Пошта арқылы: жеке тұлға - 2384,72 тг. Заңды тұлға - 5466,76 тг

Баламалы негізде: 6 айға-1700 тг.

"Кен Жылой" газетіне баламалы түрде төмендегі нөмір арқылы жазыла аласыз: 8-701 413 95 22